



Балабақша
балаларына арналған
бой сергіту өлеңдері

Дайындаған: «Балабақша kz» сайты



*Бала, бала, балақан (қолдарын көтеріп)
Кәне, қайсы алақан? (алақандарын көрсету)
Саусақтарың әйбәт (саусақтарын қимылдату, ойнату)
Былай, былай ойнат.*

*Күнге қарайық (шеңберге тұру),
Шашымызды тарайық (бастарын жоғары көтеру).
Керіліп, дем алайық (күнге созылу),
Бойымызды жазайық (қолды белге қою).*





*Сылдырлайды мөлдір су
Мөлдір суға қолыңды жуу (қол жуу қимылын жасау)
Жуынсаң сен әрдайым
Таза бетің, маңдайың (бетін, маңдайын сипау)
Тазалықтың досы – су дегенің осы.*

*Орнымыздан тұрайық
Аяқты нық басайық (бір орында жүру)
Бір отырып, бір тұрып (тізе бүгін отырып, тұру)
Біз демалып алайық (орнына отыру).*





*Қане, қайсы алақан, (орындарынан тұру)
біз— кішкентай балапан (алақандарын көрсету)
Аралардың нәрі (гүлдің қимылын көрсету)
Бау-бақшаның сәні. (гүл)*

*Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)
Жалаудан күн жасайық (жалаушаларын көтеру)
Жаса, жаса, алтын күн
(бір орында аяқты нық басып жүру)
Жаса, жаса, алтын күн*





Аю, аю тұршы (орындарынан тұру)
Бетіңді жушы (екі қолымен бет жуу)
Айнаға қарашы (айнаға қарау қимылы)
Шашыңды тарашы (шаш тарау қимылын жасау).

(өлең мазмұнына сәйкес іс-қимылдар жасату)

Орнымыздан тұрамыз
Қолды белге қоямыз
Иілеміз оңға бір
Иілеміз солға бір
Жоғары қолды созамыз
Аяқтың ұшында тұрамыз
Бір отырып, бір тұрып
Біз тынығып аламыз.



*Саусақтарым дем алып (орындарынан тұрып)
Қайта сурет салады (саусақтарын қимылдату)
Аяқтарым секіріп (қолдарын белге қою)
Қуаттанып қалады (орындарында секіру).*

*Қане, қайсы алақан, (орындарынан тұру)
Біз– кішкентай балапан (алақандарын көрсету)
Аралардың нәрі (гүлдің қимылын көрсету)
Бау-бақшаның сәні. (гүл)*





Орнымыздан тұрамыз (орындарынан тұру)

Екі қолды созамыз (қолдарын екі жаққа сермен)

Құс боп қанат қағамыз (құстың қанаттарын келтіру)

Бір отырып, бір тұрып

Орнымызды табамыз.

Алақай-ау алақай (орындарынан тұру)


Қандай жақсы көктем ай (алақан соғу)

Нұр жамылды даламыз

(қолдарын жоғары көтеру, бұлғау)

Келді ауылға көп торғай (құсша қанат қағу).







*Еркін ұста денеңді,
Тарсылдатпай еденді
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үші, бір, екі, үш.*

*Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)
Жалаудан күн жасайық (жалаушаларын көтеру)
Жаса, жаса, алтын күн
(бір орында аяқты нық басып жүру)
Жаса, жаса, алтын күн*






*Секірейік, жүгірейік (бір орында секіру, жүгіру)
Куанайық, күлейік (бір-біріне қарап күлімсіреу)
Отырайық, дем алайық (жүресінен отыру, дем алу)
Дем алып – ап, жүрейік (тұру, бір орында жүру).*




*Қырғауыл боп ұшамыз, ұшамыз
(Екі қолымен қанат жасап ұшады)
Түлкі болып қашамыз, қашамыз
(Бір орындарында тұрып жүгіреді)
Қырғауылдай тапқыр боп, тапқыр боп,
Орнымызға қонамыз (Бәрі орындарына отырады).*



*Орманның біз емшісіміз
Тоқ, тоқ, тоқ (Партаны үш рет ұрады)
Құрт біткенді жоқ етеміз
Жоқ, жоқ, жоқ, (Қимыл көрсетеді)
Тоқ, тоқ, тоқ,
Жоқ, жоқ, жоқ.*





*Алма баққа барайық,
Алма теріп алайық.
Ең үлкенін алманың,
Анамызға сылайық.*

Сәлеметсің бе, табиғат!

(тізе бүгін, иіліп сәлем беру)

*Сәлеметсіңдер ме ормандар, өзен мен көлдер,
теңіздер мен таулар!*


(Тұрып екі қолын бұлғалайды)

Сәлеметсіңдер ме құстар!

(Қолдары екі жанында, құс сияқты қанат қағады)

Сәлеметсіңдер ме аңдар!

*(Орындарында тұрып, аю сияқты жүреді, қоян сияқты
секіреді)*



*Қатты нәсер басылды
(жаймен тырсылтады)
Күн жарқырай ашылды
(қолдарымен күн жасайды)
Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды
(жарты доға жасайды)*

*Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай бөбектер
Үлкен болып өседі.*




*Біз балдырған баламыз,
Құстай қанат қағамыз.
Дүниені аралап,
Оқып білім аламыз.
Көзді салып қараңыз,
Былай қанат қағамыз. (Б.Бөрібаев)*



*Тез қозғалып осылай
Жаттығулар жасайық.
Жақсылықты үйреніп,
Жамандықтан қашайық. (Б.Бөрібаев)*






*Тереңдет ойыңды,
Тік ұста бойыңды.
Құстарға ұсайық,
Қалықтап ұшайық.
Шық алға оң қанат,
Шық алға сол қанат,
Шаршаған кездерде
Қонайық жорғалап. (Б.Бөрібаев)*

*Бір, екі, үш, бір, екі, үш,
Бойға жинап күш.
Жаттығу жасап алайық,
Бір дем алып қалайық.*



*Бір, екі – еңкей,
Бүгілмесін тізең.
Үш-төрт шалқай
Иілмесін тізең.
Қолды көтер аспанға
Саусақты сөз, жасқанба. (Б.Бөрібаев)*

*Оңға, солға бұрылды,
Алға, артқа иілдік.
Тіземізді бүктіріп,
Қолды создық тік тұрып.*



*Тереңдет ойыңды,
Тік ұста бойыңды.
Құстарға ұсайық,
Қалықтап ұшайық.
Шық алға оң қанат,
Шық алға сол қанат,
Шаршаған кездерде
Қонайық жорғалап. (Б.Бөрібаев)*

*Алға қарай бір адым,
Артқа қарай бір адым
Бір орнымда қозғалып,
Кезек басып тұрамын.
Жоғары, төмен қарайық.
Орнымызды табайық.*